

ҚОСҮНДІ СӨЗ – СТИЛИСТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯ

Конурбаева Анар Жамбылқызы

1-курс магистранты

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
университеті, Ақтөбе, Қазақстан
anar_konyrbayeva@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: Шоқым Гүлжан Тыныштықбайқызы
Филология ғылымдарының докторы, профессор

Мақала – қазақ әдебиетіндегі көркем шығармалар ішіндегі қосүнді сөз (ортақ төл сөз) туралы. Қосүнді сөз – көркем шығармадағы автор сөзі, кейіпкер сөзі деген ұғымдармен тектес, солармен бір қатардағы құбылыс. Яғни ол – авторлық баяндау мен қатысушылар (кейіпкерлер) сөзі. Шығармадағы қосүнді сөзде кейіпкердің де, автордың да сөздері, оның ішінде қаһарманын психологиялық тұрғыда ойлата білетін ішкі монологта да бар. Бұл мақалада қосүнді сөздің әдеби шығарманы талдау барысындағы алатын маңызды рөлін ашып көрсетеді. Көркем туындыларды зерттеудің жаңаша әдісі туралы баяндалады. Мақаланы жазу барысында осы тақырып төңірегінде зерттеу жүргізген тілші ғалымдардың еңбектерінен сілтеме жасалынды.

Қосүнді сөз қызметі шығарманың композициялық құрылымына, стильдік, көркемдік ерекшеліктеріне тікелей қатысты. Қосүнді сөз арқылы жазушының не кейіпкердің психологиялық жағдайы, көңіл – күйі ашылады; белгілі бір оқиғаны баяндау немесе кейіпкер образын бейнелеу жүзеге асады. Ондайда қосүнді сөз оқиғаның, автор көзқарасының, кейіпкер ойының жалпы ағымын ғана беріп қоймай, түрлі экспрессивтік-эмоциялық қырларын; модальдық реңктерін және сол арқылы туатын түрлі ассоциацияларды қоса білдіреді. Сондықтан қосүнді сөз кез келген көркем шығарманы талдауда ерекше рөл атқарады. Бұл әдісті шығарма ішінен ажыратып талдау, қазақ әдебиетінің соның ішінде прозалық шығармалардың тілін, мағынасын, идеясын нақты танып білуге септігін тигізеді.

Түйін сөздер: көркем шығарма, автор сөзі, кейіпкер сөзі, қосүнді сөз (ортақ төл сөз)

The article is about a double word (common original word) in works of art in Kazakh literature. A double word is a phenomenon in a work of art that is related to the concepts of the word of the author, the word of the hero, and the same with them. That is, it is the word of the author's narrative and participants (characters). The

double word in the work contains the words of both the hero and the author, including the inner monologue, which psychologically makes the Hero think. This article reveals the important role that the word double plays in the analysis of a literary work. It tells about a new method of studying works of art. During the writing of the article, reference was made to the works of scientists who conducted research on this topic.

The function of the double word is directly related to the compositional structure, stylistic, artistic features of the work. Through a double word, the psychological state, mood of the writer or hero is revealed; the narration of a certain event or the image of the hero is carried out. In this case, the double word gives not only the general flow of the story, the author's point of view, the hero's thought, but also expresses various expressive and emotional aspects, including modal shades and various associations that are born through it. Therefore, the word double plays a special role in the analysis of any work of art. Analysis of this method, distinguishing it from the work, helps to clearly understand the language, meaning, ideas of Kazakh literature, including prose works.

Keywords: artwork, author's word, hero's word, double word (common original word)

Көркем әдебиет тілінің өзіндік сипатын түсінуде көркем әдебиеттің өзін, өнердің бір түрі ретіндегі ерекшелігін анықтаудың мәні зор. Өнер шығармасы – айрықша ұйымдасқан эстетикалық құрылым. Көркем әдебиеттің эстетикалығы тіл арқылы көрініс табады. Болып жатырған оқиғаның барысын, қаһарманның дүниетанымын, оның басқа кейіпкерлермен қарым-қатынасын, сырт тұлғасын оны қоршаған ортаның сипатынан хабардар болып отырауға болады. Алайда, оқырман оқып түсінгеннен де бөлек дүниелер бар. Ол көркем прозадағы қосүнді (ортақ төл сөз) сөздің стилистикалық сипаты.

Көркем туындыда автордың орны ерекше. Себебі, кейіпкер сөзінен бөлек барлық оқиғаны суреттеп, кейіпкердің сөзіне дейінгі ситуацияны түсіндіріп, оқырманға түсінікті етіп сілтеме береді. Алайда, кей шығармаларда автор сөзінен бөлек маңызды рөл ойнайтын тұс та бар. Ол кейіпкердің сөздерінен бөлек, «ойы». Яғни автор өз қаһарманының шығарма ішіндегі бір тұстарында ойлануына жол береді. Бұл үрдіс тілдегі екі адамның сөйлесуімен (диалог), кейіпкер не автордың өз ойымен (монолог), ішкі монологпен және авторға да кейіпкерге де қатысты ортақ төл сөздер арқылы орындалады. Бұл көркем әдебиеттегі шығамаларды талдаудың жаңа деңгейіне көтеріп келе

жатырғанының көрінісі. Себебі, бұрын көркем шығарманы талдаған уақытта біріншіден, шығарманың жазылу стиліне, негізгі идеясына, тақырыбына, мазмұнына қарайтын. Одан қалды көркем туынды жазылу барысында шығарма иесі қолданылған троптың түрлері, тұрақты сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, кейіпкерлердің жағымды/жағымсыз болып бөлінуі т.б. категориялар ғана ескеріліп отыратын. Қазір көркем әдеби шығармаларды талдау барысында жаңа деңгейге жетуі – әдеби қордағы шығармаларды жаңаша танып білуге үлкен негіз болады.

Көркем шығармалардың қазіргі зерттелуі тек қана дәстүрлі элементтерге жауап беру ғана емес, шығарманы жаңаша түсінуге көмек беретін, ол – ортақ төл сөз. Ортақ төл сөз немесе бертін келе «қосүнді сөз» деген атау берілді (қосүнді сөз – Гүлжан Шоқым).

Қосүнді сөз – көркем шығармадағы автор сөзі, кейіпкер сөзі деген ұғымдармен тектес, солармен бір қатардағы құбылыс. Яғни ол – авторлық баяндау мен қатысушылар (кейіпкерлер) сөзі. Шығармадағы қосүнді сөзде кейіпкердің де, автордың да сөздері, оның ішінде қаһарманын психологиялық тұрғыда ойлата білетін ішкі монологта да бар.

Қосүнді сөз туындыдағы автор мен кейіпкердің ішкі сезімін, ой ағысын берер тұста үлкен жүк атқарады. Шығармада кейіпкерінің қалай ойлап, шығармадағы өзінің рөлін қалай көрсететіні, оқырманға берер дүниесі тағы бір қырлары бір ғана авторға байланысты. Сол себепті жазушы шығармадағы автор мақсатының негізін ішкі сөздер ағымымен бейнелетеді. Ішкі сөздер адамның психологиялық тұрғыдан саралануына үлкен ықпал жасайды. Сонымен бірге ішкі монолог – психологиялық категория болғандықтан, адамның ішкі сезімі арқылы қалыптасады. Бұдан кейіпкердің қандай эмоцияда тұрғанын, жалпы жазушы бұл кейіпкердің типін не үшін шығармасына арқау еткенін, бұл кейіпкердің шығармадағы маңызды рөлі қандай – осы тұстардың барлығын кейде ешқандай диалогсіз, тек автор сөзінен де оқып, түсіне алады.

Қосүнді сөзге анықтама берген бірқатар тілші ғалымдардың пікірін қарастырамыз.

Қосүнді сөз – кең мағыналы, көп тармақты күрделі құбылыс. Қосүнді сөздің қолданылуы баяндауды жандандырады, әсер күшін молайтады, оны күрделендіреді. Қосүнді сөз қызметі шығарманың композициялық құрылымына, стильдік, көркемдік ерекшеліктеріне тікелей қатысты. Қосүнді сөз арқылы жазушының не кейіпкердің психологиялық жағдайы, көңіл – күйі

ашылады; белгілі бір оқиғаны баяндау немесе кейіпкер образын бейнелеу жүзеге асады. Ондайда қосүнді сөз оқиғаның, автор көзқарасының, кейіпкер ойының жалпы ағымын ғана беріп қоймай, түрлі экспрессивтік-эмоциялық қырларын; модальдық реңктерін және сол арқылы туатын түрлі ассоциацияларды қоса білдіреді [1; 17].

Қосүнді сөз ұғымы қазақ әдебиетіне кеш енгенімен, шетел әдебиеттерінде XVIII ғасырлардың өзінде көрініс тапқан. Ағылшын әдебиетінде қосүнді сөзді төрт кезеңге бөліп қарастырады. Олардың басы сол бірінші кезең - XVIII ғасырлардың бірінші жартысында қосүнді сөздің пайда болуымен басталып, екінші жартысында екінші кезеңге өтіп, қосүнді сөздің қалыптасуы, әдеби шығармаларда пайдалану белең алған. Ал үшінші және төртінші кезеңдерде, яғни XIX – XX ғасырларда қосүнді сөз кең құлаш жайып, өркендеп дамып кеткен екен.

Ал орыс тілші ғалымдары өз әдебиеттерінде көркем шығармадағы қосүнді сөздерді қолданылуы тәсілін 170 жыл бұрын бастап кеткенін айтады. Оған мысал, орыс тілінде 1890 жылдан бастап В.В.Виноградов өзінің зертеу нысанына осы қосүнді сөзді алып, А.С.Пушкиннің шығармаларын талдап, оның шебер жазушы екенін, жазушы қаламынан туған туындылар орыс әдебиетіне жаңалық енгізгенін өз еңбектерінде айтады. Орыс әдебиетінде жаңалық болып басталған қосүнді сөз, сол кездегі орыс жазушыларының да назарын аудартады. Осы кезде жаңа тәсілді қолданып, орыстың реалистік әдебиеті қалыптаса бастаған. Чернышевский, Гоголь, Чехов, Толстой т.б. қаламгерлер арқылы қосүнді сөз орыс әдебиетінде көрініс тауып бастап, әдебиетке еніп, көптеген туындылардың жарыққа шығуына түрткі болған.

Көркем әрі шебер, теңдесіз – қазақ әдебиетін қарастырайық. Бұл тәсіл жоғарыда көрсеткендей, қазақ әдебиетінде кейін пайда болған. Әдебиеттегі алғашқы Ы.Алтынсарин әңгімелері, С.Торайғыров пен С.Көбеев туындылары, М.Дулатов прозалық шығармаларында қосүнді сөздер көрініс таппайды. Себебі, бұл заманда жазылған шығармалар реалистік прозаға тән өмір шындығын суреттеген кезең. Шығармалардың көбісінде адамдардың әр түрлі іс-әрекеттерін өмір шындығын бейнелеу белең алған кезде, автор мен кейіпкер арасындағы құбылыс туралы жазуды, оны шығармада көркемдеуді сол тұстағы қазақ әдебиеті көтере алған жоқ [2].

Алғашқы жаңа тәсілдің іздері мен сипаты көрініс тапқан туындылар жарыққа шыққан кезеңді тілші ғалымдарымыз Қазан төңкерісінен кейінгі

заман деп түсіндіреді. Себебі осы тұста жазылып бастаған көптеген шығармалар, соның ішінде М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Ескілік көлеңкесінде», «Кінәшіл бойжеткен» шығармалары. Ал Б.Майлинде бұл аталған тәсіл (қосүнді сөз) жазушының машықтанған стиль ерекшелігіне айналған. Оны 1918 жылы жазылған «Сексен сом» шығармасынан көруге болады. Және С.Сейфуллиннің «Бандыны қуған Хамит», «Айша» повестері де жатады.

Дегенмен, қосүнді сөз әдісі қазақ әдебиетінде белең алғанымен, барлық қаламгерлер ол тәсілмен жазбады. Себебі қосүнді сөз – ол жазушының өзіндік жазу стилі мен шеберлігімен байланысты құбылыс. Қазақ әдебиетінде үлкен романдарда қосүнді сөзді кіріктіріп туынды шығарған ең алғаш Ж.Аймауытов, бірақ бұл кісімен бірге бір заманда қалам тербеген жазушы С.Мұқановтың шығармаларынан ондай құбылыс жоқ. Себебі, бұл құбылыс жазушылардың барлығында бірдей қолданылмады [3].

Ендігі мәселе, қосүнді сөзді мәтін ішінен табу. Оның төл сөз бен төлеу сөзден, автор сөзінен қандай айырмашылығы бар екендігін қарастырайық. Мәселен:

«... Қартқожа келешекке көз жіберіп үңіледі. Келешектен үміт, сәуле, шара күтеді. *Мынау қуарған дала енді баяғыдай қалпына келіп, толықсар ма? Қайтқан дәулет қайта тағына қонар ма? Төгілген шара қайа кемеріне келіп толар ма? Жоқ, қонбайды, толмайды. Ендеше басқа шара табу керек. Ол қандай шара? Қандай күш? Қартқожаның көзі жетпейді. Әлде отырықшы болып, егін салып, кәсіпке айналу ма? Бірақ Қартқожа отырықшы болған Қарашолақ ауылын көрді, «Белағаш», «Қайыңдық» болыстарындағы қазақ қалашықтарын көрді. Қала ма олар? Боқтың, сасықтың арасынан көзі жылтырап, еңсесін сүйреткен «тірі мола» зой. Әрі малдан айырылып, әрі егіннің тілін біле алмай, әрі сайманға, көлікке жарымай, итшілеп, детке-дәрменге шалдығып, азып-тозып бара жатқан жоқ па? Сондықтан кәзір отырықшы болғаннан қазақ оңалып кетеді деп кім кепіл болып, аузы барып айта алар?» [4; 130,131].*

Бұл үзіндіні бір шолып оқып шыққанда, түбегейлі автор сөзі деп түсінеміз. Себебі, бұл сөздер автор атынан жазылып тұр. Және ІІІ жақта айтылып тұр. Дегенмен, зейін қойып қайта оқысақ, онда бұл үзіндінің барлығы тек қана автордың сөзі емес екенін аңғарамыз. Өйткені, мұнда шығарма қаһарманы Қартқожаның қатысы бар. Бір жағынан, кейіпкер сөзі деуге

келмейді. Себебі монолог, не диалог болса тыныс белгілерін көрініп тұрады. Онымен олар да бұл жерде жоқ. Кез келген оқырман оны бірден байқамайды. Себебі қосүнді сөздің нақты тыныс белгісі немесе тірек сөздері, не стиль ерекшелігі аса қатты байқалмайды. Оны тек оқып отырып, оқырман ажырата білуі керек. Міне, осы орайда қаламгердің ойының ұшқырлығы, жазу шеберлігі, жеткізу деңгейі қаншалықты жоғары болған сайын, соншалықты шығарма ішінен қосүнді сөзді табу да қиындай береді. Дегенмен, қосүнді сөзді былай да аңғарып, тауып алуға болады. Ол жалпы шығарма ішінде автор мен кейіпкердің екеуінің айтпағы не бір жерден шығады, не екеуі екі жаққа бөлінеді. Мұндағы басты мақсат, жазушы шығармадағы кейіпкердің ішкі монологынан өзінің көзқарасын, кейіпкер көзқарасын сыйдырып жіберуін байқау.

Міне, осындай автор мен қаһарманның субъективтік көзқарастарын бірге сиыстырып, қиюластырып жіберуге мүмкіндігі бар тәсілді *қосүнді* сөз дейді.

Қазақ әдебиеті соның ішінде жазбаша проза шетелдің әдебиетімен салыстырғанда, кеш дамыды. Дегенмен аз ғана уақыттың ішінде біраз жазушылар осы жаңа тәсілді пайдаланып көптеген шығармаларды, романдарды жарыққа әкелді. Негізінен әдебиеттегі қандай да бір тәсіл болсын қазақ әдебиетінде табыла береді. Себебі қазақ әдебиеті көптеген қиын замандардан сүзгіден өтіп, қаншама цензуралардан аман қалып, қазіргі ұрпаққа дейін дін аман жетіп отыр. Әлі жазылса да зерттелмеген, талданбаған шығармалар да жетерлік. Мен қазіргі оқырмандарға оқыған шығармалары одан әрі түсініктірек, одан әрі қызығырақ боларына үлес қосуды меңзеймін. Себебі, шынымен бұл тәсілдің бар екендігін білген кезде бұрын оқыған шығармаларымды қайта қарап шығып, автордың айтпағы мен жеткізгісі келген мәселелерін қайта түсініп, ұғындым. Қосүнді сөз бұл қазақ әдебиетіне кешеуілдетіп келген тәсіл болса да, төркіні сол қазақ әдебиетінен басталған секілді. Себебі, қазақ халқы жалпы сөздің ұғымын алыстан алып келетін, астарлап, ым-ишарамен тұспалдап, тұрақты сөз тіркестерімен өрнектеп, мақал-мәтелдермен толықтыратын халық. Сондықтан да қазақ жазушылары үшін бұл тәсілді пайдаланып, туындысына кіріктіру аса қиын дүние болған жоқ [5].

Қорыта келе, қосүнді сөздің кең көлемде қолданылуы ұлттық әдебиетіміздің күрделенгендігінің, жаңа белеске көтерілгендігінің бір белгісі сипатты.



Әдебиет

- 1 Г.Шоқым. Көркем проза тілінің стильдік ерекшеліктері (Оқу құралы)
Алматы. Ғылым баспасы 2001 ж.
- 2 М.Серғалиев. Көркем әдебиет тілі. Алматы, 1995 ж.
- 3 Х.Кәрімов. Қанатты тіл. Алматы, 1995 ж.
- 4 Ж.Аймауытов. Шығармалары. Алматы, 1989 ж.
- 5 М.Серғалиев., А.Айғабылов., О.Күлкенова. Қазіргі қазақ әдеби тілі.
Алматы, 1991 ж.